Шардара ауданы әкімдігінің дербес бөлімдері мен ауылдық округтері әкімі аппараттарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Шардара қаласы **2026 жылғы 13 шілде**

Талданатын объект туралы мәлімет:

Шардара ауданы әкімдігінің дербес бөлімдері:

1) Құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі;
2) Кәсіпкерлік бөлімі;
3) Ішкі саясат бөлімі;
4) Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі;
5) Экономика және қаржы бөлімі.
6) Ауыл шарушылығы бөлімі.
7) Жер қатынастары бөлімі
8) Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автобиль жолдары бөлімі.
9) Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.
10) Қала және ауылдық округтері әкімі аппараттары.

Талдаудың негізі:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8 бабының 2 тармағына және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазанындағы №12 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14441 болып тіркелген) бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, Шардара ауданы әкімінің 2026 жылғы 10 сәуірдегі № 2-40ө «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» өкімі негізінде жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1) талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

2) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау жүргізу мерзімі: 2026 жылғы 14 мамыр - 26 маусым.

Талдау жүргізу кезеңі: 2025 жыл мен 2026 жылдың 5 айы.

1. Аудандық ішкі саясат бөлімінің қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Бөлім басшысының 02.02.2026 жылғы №1 бұйрығымен бөлімге автокөлік жүргізуші У.Барболовты «Жұмысқа қабылдау туралы» өтінішінде қабылдау мерзімдері көрсетілмеген.

Бөлім басшысының 02.02.2026 жылғы №5 бұйрығымен бөлімнің іс-қағаздарын жүргізу жөніндегі инспекторы болып қабылданған Е.Кунжигитовті «Жұмысқа қабылдау туралы» бұйрығының заңнамаға сілтемесі дұрыс көрсетілмеген.

Осы мағыналас заң бұзушылықтар бөлім басшысының 04.05.2026 жылы №8 бұйрығымен бөлімнің іс-қағаздарын жүргізу жөніндегі инспекторы Д.Құрбанжанды жұмысқа қабылдау, 05.05.2026 жылғы автокөлік жүргізушісі А.Турсынбайды жұмысқа қабылдау туралы №9 бұйрықтары дұрыс рәсімделмеген.

18.03.2026 жылғы бөлімнің дін істері жөніндегі сектор меңгерушісі А.Оспановты іссапарға жіберу туралы №12 бұйрығы «Е-қызмет» ақпараттық жүйесіне 19.03.2026 ж. 1 күнге кешігіп енгізілген.

Бөлімнің бас маманы Н.Муслимованы іссапарға жіберу туралы бұйрықтың негіздеме қызметтік жазбасы «Е-қызмет» жүйесінде жасалмаған.

Ұсыныс: ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» және ҚР «Еңбек кодексі» талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқыту өткізу.

2. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Бөлім басшысының 06.01.2026 жылғы №1 бұйрығымен бөлімнің сектор меңгерушісі Д.Нуртазаевтың еңбек демалысын беру туралы өтініші «Е-қызмет» жүйесінде жасалмаған. Осы мағыналас заң бұзушылықтар бөлім басшысының 14.01.2026 жылы №2 бұйрығымен бөлімнің сектор меңгеруші Д.Нуртазаевты еңбек демалысын керу шақыру туралы қызметтік хат жүйеде енгізілмеген.

Жеке құрам бойынша бұйрықтар «Е-қызмет» ақпараттық жүйесіне мерзімінде енгізілген. Алайда бөлім басшысының 04.06.2026 жылғы №28 бұйрықпен Н.Турускулованы жұмысқа қабылдау бұйрығы дұрыс енгізмеген.

Ұсыныс: Бөлім тарапынан ҚР «Еңбек кодексі» мен ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» заңнама талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқыту өткізу.

3. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Жеке құрам бойынша бұйрықтар Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттік Төрағасымен бекітілген «Мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадрдағы іс қағаздарын жүргізу құжаттарының үлгілік нысандарын бекіту туралы» әдістемесіне сай рәсімделген.

Бөлімнің бас мамандары Г.Домбаеваны, Ә.Кенішбекті іссапарға жіберу туралы
14.01.2026 ж. №2 бұйрықтың негіздемесі қызметтік жазба «Е-қызмет» жүйесінде жасалмаған. Осы мағыналас заң бұзушылықтар бөлім басшысының 15.01.2026 жылы №3 бұйрығымен бөлімнің сектор меңгерушісі С.Оразбаевты, 22.01.2026 ж. №4 бұйрықпен бөлімнің бас маманы Ә.Кенішбекті іссапарға жіберу туралы бұйрықтары негіздеме қызметтік жазбасы «Е-қызмет» жүйесінде жасалмаған.

Ұсыныс: ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» *(арыз-шағымдар)* мен ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы», ҚР «Еңбек кодексі» және мемлекеттік қызмет көрсету талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу.

4. Аудандық жер қатынастары бөлімінің қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Жеке құрам бойынша бұйрықтар Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттік Төрағасымен бекітілген «Мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадрдағы іс қағаздарын жүргізу құжаттарының үлгілік нысандарын бекіту туралы» әдістемесіне сай рәсімделген.

Алайда, 2026 жылғы жеке құрам бойынша 1 бұйрық «Е-қызмет» ақпараттық жүйесіне мерзімінде енгізілмеген.

Ұсыныс: ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» *(арыз-шағымдар)* мен ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы», ҚР «Еңбек кодексі» және мемлекеттік қызмет көрсету талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу.

5. Аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

2025 жылға бөлімнің мемлекеттік және техникалық қызметкерлерінің еңбек демалысына шығу кестесі бекітілмеген.

Ұсыныс: ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» *(арыз-шағымдар)* мен ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы», ҚР «Еңбек кодексі» талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу.

6. Аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Бөлім басшысының 12.01.2026 жылғы бөлімнің жетекші маманы С.Сейдуллаұлын «Іссапарға жіберу туралы» №2 бұйрығы заң талаптарына сәйкес шығарылмаған, сілтемесі дұрыс емес. Осы мағыналас кемшіліктер бөлімнің бас маманы К.Әнуарды «Іссапарға жіберу туралы» 19.01.2026 жылғы №3, 26.01.2026 жылғы №5, 09.02.2026 жылғы №7 бұйрықтар дұрыс рәсімделмеген. Бөлімнің бас маманы К.Әнуарға 26.01.2026 жылғы «Материалдық көмек көрсету туралы» №4 бұйрық заң талаптарына сәйкес шығарылмаған.

Жеке құрам бойынша бұйрықтар «Е-қызмет» ақпараттық жүйесіне мерзімінде енгізілген. Іссапарға жіберу туралы бұйрықтың негіздемесі болған қызметтік жазбалар жүйеге енгізілмеген.

Бөлім басшысының 21.04.2026 жылғы №33 бұйрығымен Шардара аудандық тілдерді оқыту және дамыту орталығының директоры Б.Туребековке «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған. Бөлімнің статистигі Н.Жунисоваға 18.06.2026 жылғы №55 бұйрығымен «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған. Бұйрықтардың негіздеме құжаттары түгел емес. Тәртіптік жаза қолдануға негіз болған мәліметтер тіркелмеген.

Бөлімнің жеке құрам, негізгі құрам бойынша бұйрықтарды тіркеу журналы, өтініштерді тіркеу туралы журналдары істер номенклатурасына сәйкес арналған және парақ сандары саналып, қол қойылып, мөрленбеген.

Арыз–шағымдар мен жеке қабылдаулар бойынша:

ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексінің 90-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізуге міндетті. Бөлім басшысының тұрғындарын жеке қабылдау барысында берілген тапсырмалардың орындалуы жөнінде хаттамалық тапсырмалар түзілмеген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы:

«2, 3-разрядты спортшы, 1, 2, 3 - жасөспірімдік разрядты спортшы спорттық разрядтар және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санаттағы жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін алушы Акбаева Жазира Аскаровнаның «ИИС ЦОН ГО» арқылы 2026 жылы 17 ақпанда қабылданған қызметінің мерзімі бұзылған.

Ұсыныс: ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» және ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы», ҚР «Еңбек кодексі» талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу және мемлекеттік сатып алу барысында заң бұзушылықтарға жл бермеу жөнінде тиісті шаралар қабылдау.

7. Аудандық кәсіпкерлік бөлімінің қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Бөлім басшысының бөлімнің бас маманы Б.Атыхаевты іссапарға жіберу туралы 21.01.2026 жылғы №1 бұйрығының негіздемесі қызметтік хат «Е-қызмет» ақпараттық жүйесіне енгізілілмеген. Осы мағыналас заң бұзушылықтар бөлім басшысының 25.02.2026 жылғы №6 бұйрығы бас маман Б.Атыхаевты еңбек демалысынан кері шақырту негіздемесі, іссапарға жіберу туралы бұйрықтардың негіздемесі қызметтік хаттар жүйеде жасалмаған.

Арыз–шағымдар мен жеке қабылдаулар бойынша:

ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексінің 90-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізуге міндетті. Бөлім басшысының тұрғындарын жеке қабылдау барысында берілген тапсырмалардың орындалуы жөнінде хаттамалық тапсырмалар түзілмеген.

Ұсыныс: Бөлім тарапынан ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» және ҚР «Еңбек кодексі» талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу.

8. Аудандық экономика және қаржы бөлімінің қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

2025 жылға бөлімнің мемлекеттік және техникалық қызметкерлерінің еңбек демалысына шығу кестесі бекітілмеген.

Ұсыныс: ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» және ҚР «Еңбек кодексі» талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу.

9. Аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Бөлім басшысының 10.02.2026 жылғы бөлімнің сектор меңгерушісі «Іссапарға жіберу туралы» №7 бұйрығының негіздемесі қызметтік хат «Е-қызмет» ақпараттық жүйесіне енгізілілмеген. Осы мағыналас заң бұзушылықтар бөлім басшысының 13.04.2026 жылғы №23 бұйрығы бас маман Д.Аблайды еңбек демалысынан кері шақырту негіздемесі, іссапарға жіберу туралы бұйрықтардың негіздемесі қызметтік хаттар жүйеде жасалмаған.

Арыз–шағымдар мен жеке қабылдаулар бойынша:

Қазақстан Республикасының Әкімшілік Рәсімдік-Процестік Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 65-бабының 1-тармағында жолданымды уәкілетті әкімшілік органға, лауазымды адамға әрі қарай үш жұмыс күні ішінде жолданады делінген.

Алайда 2026 жылы 27 ақпанда түскен ЗТ-2026-00862760/1 санды өтініш түскен, 2026 жылы 19 наурыз күні кешіктіріп басқа мекемеге бағыттаған.

Ұсыныс: ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» *(арыз-шағымдар)* мен ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы», ҚР «Еңбек кодексі» және мемлекеттік қызмет көрсету талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу.

10. Шардара қаласы әкімі аппаратының қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

2026 жылғы құжаттарда жеке құрамның өтініштері тіркелмеген.

Кадрға қатысты журналдары істер номенклатурасына сәйкес арналған және парақ сандары саналып, қол қойылып, мөрленген, алайда толтырылмаған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы:

Шардара қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзу бойынша 6 дерек *(2025 ж. – 6)* анықталды. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 01 қазандағы № 301 бұйрығымен бекітілген «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру туралы» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша 2025 жылы қаңтар-желтоқсан айында 74 қызмет көрсетілген.

Бұл қызмет түрі бойынша қала әкімі аппараты тарапынан ұсынылған құжаттарда 6 кемшіліктер анықталды.

Ұсыныс: ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» және ҚР «Еңбек кодексі» талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу.

11. Қ.Тұрысбеков ауылдық округ әкімі аппаратының қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Қ.Тұрысбеков ауылдық округі әкімімен 22.01.2026 жылғы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-есепшісі Ж.Балатаевқа «Демалыс бөлігін беру туралы» №1 өкімінің негіздемесі өтініш «Е-қызмет» ақпараттық жүйесіне дұрыс енгізілмеген. Өкімге негіздеме болған Ж.Балатаевтың жеке өтініші кіріске алынып, тіркелмей Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Заңының талабы бұзылған. Осы мағыналас заң бұзушылықтар ауылдық округ әкімінің 26.03.2026 жылғы №11 өкімімен ауылдық округі әкімінің орынбасары Е.Бердибековке, 10.04.2026 жылғы № 14 өкімімен ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман- заңгері А.Кошалиевке «Демалыс беру туралы» өкімі, 15.04.2026 жылғы № 15 өкімімен ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы С.Усенге «Жалақысы сақталмайтын демалыс беру» өкімдерінде орын алған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы:

«Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығының "Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту" мемлекеттік қызметін көрсету талаптарына сәйкес, Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі Порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) делінген.

Алайда, жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның жауапты орындаушысы қызметті алушы ұсынған құжаттарды «АРМ ЕКГН» ақпараттық жүйесінде келіп түскен және тіркелген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде тексеруге және тиісті шешім қабылдауға міндетті.

Жүргізілген ішкі бақылау нәтижесінде қызмет көрсетуші маман тарапынан өтініштерді тіркеу мерзімдерін негізсіз кешіктірудің 3 дерегі (2025ж. – мемлекеттік қызмет көрсетілмеген, 2026ж. – 1) анықталды.

Ұсыныс: ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» *(арыз-шағымдар)* мен ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы», ҚР «Еңбек кодексі» талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу.

12. Қоссейіт ауылдық округ әкімі аппаратының қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Қоссейіт ауылдық округі әкімімен 26.01.2026 жылғы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-есепшісі Б.Есиркепке «Демалыс беру туралы» №1-01ө өкімінің негіздемесі өтініш «Е-қызмет» ақпараттық жүйесіне дұрыс енгізілмеген. Осы мағыналас кемшілік ауыл әкімінің 08.06.2026 жылғы бас маман Б.Жадигеровке «Демалыс беру туралы» №19 өкімінің негіздемесі өтініш дұрыс енгізілмеген.

Ауылдық округі әкімімен 10.04.2026 жылы бас маман С.Серікті «Іссапарға жіберу туралы» № 14 өкімі жүйеге 1 күнге кешіктіріліп енгізілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы:

Ішкі бақылау барысында мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қойылатын талаптардың сақталмауы анықталды, атап айтқанда:

Мемлекеттік қызмет алушыларға арналған өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы талапқа сәйкес жабдықталмаған *(қажетті техникалық құралдармен және ақпараттық материалдармен толық қамтамасыз етілмеген)*.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ақпараттық стендтің мазмұны толық емес және өзекті ақпаратпен қамтамасыз етілмеген, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпараттар толық орналастырылмаған.

Ұсыныс: ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» және ҚР «Еңбек кодексі» талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу.

13. Көксу ауылдық округ әкімі аппаратының қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Көксу ауылдық округі әкімімен 12.03.2026 жылғы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман міндетін атқарушы Қ.Сембекті «Жұмысқа қабылдау туралы» № 12 өкімімен жұмысқа қабылдаған. Алайда, өкімге негіздеме болған Қ.Сембектің жеке өтініші кіріске алынып, тіркелмей Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Заңының талабы бұзылған.

Осы мағыналас заң бұзушылықтар ауылдық округ әкімінің 08.04.2026 жылғы № 16 өкімімен ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман міндетін атқарушы А.Тұрсынқұлқызын «Жұмысқа қабылдау туралы» өкімінде және 02.02.2026 жылғы № 05 өкімімен ауылдық округ әкімі аппаратының қызметтік орынжайларды тазалаушысы П.Даулетованы «Жұмысқа қабылдау туралы» өкімімен жұмысқа қабылдаған.

Алайда, өкімге негіздеме болған қызметкерлердің жеке өтініші кіріске алынып, тіркелмеген.

Арыз–шағымдар мен жеке қабылдаулар бойынша:

ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексінің 90-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізуге міндетті. Алайда бекітілген кестеге сәйкес ауыл әкімі тұрғындармен жеке қабылдау өткізілмеген екендігі анықталды.

Ауылдық округ әкімінің тұрғындарды қабылдау кестесі бекітілмеген.

Көксу ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің Істер номенклатурасы арналмаған.

Ауылдық округі әкімі аппаратының жұмыс жоспары бекітілмеген.

Ұсыныс: ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» *(арыз-шағымдар)* мен ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы», ҚР «Еңбек кодексі» талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу.

14. Ұзыната ауылдық округ әкімі аппаратының қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Ұзын ата ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-заңгері Ш.Нурпеисованы іссапарға жіберу туралы 25.02.2026 жылғы №5 өкімінің негіздемесі қызметтік жазба «Е-қызмет» ақпараттық жүйесіне енгізілілмеген. Осы мағыналас заң бұзушылықтар ауыл әкімінің 21.01.2026 жылғы №02 ауылдық округ әкімі аппаратының бас маман-есепшісі Б.Мұратты «Іссапарға жіберу туралы» өкімінде орын алған.

Арыз–шағымдар мен жеке қабылдаулар бойынша:

Ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратының кіреберісінде жеке тұлғалар және заңды тұлғалардың өкілдеріне арналған өтінішін тастайтын жәшік орнатылмаған.

Ұсыныс: ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» *(арыз-шағымдар)* мен ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы», ҚР «Еңбек кодексі» талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу.

15. Алатау батыр ауылдық округ әкімі аппаратының қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Ауылдық округі әкімімен 14.01.2026 жылғы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы С.Төребайды «Жұмыстан босату туралы» № 3 өкімімен жұмыстан босатқан. Алайда, өкімге негіздеме болған С.Төребайдың жеке өтініші кіріске алынып, тіркелмей Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Заңының талабы бұзылған. Осы мағыналас заң бұзушылықтар ауылдық округ әкімінің 30.03.2026 жылғы № 16 өкімімен ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-іс басқарушысы Ж.Лесовқа «Жалақысы сақталмайтын демалыс беру туралы», 22.01.2026 жылғы № 6 өкімімен ауылдық округ әкімі аппаратының бас маман-есепшісі А.Бигеловке «Материалдық көмек беру туралы» өтініші жүйеге тіркелмеген.

Сонымен қоса, ауылдық округі әкімі аппаратының техникалық қызметкерлерінің жеке іс құжаттарында жеке іс парағы және өмірбаяны жоқ екендігі анықталды.

Арыз–шағымдар мен жеке қабылдаулар бойынша:

ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексінің 90-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізуге міндетті.

Алайда, бекітілген кестеге сәйкес ауыл әкімі тұрғындармен жеке қабылдау өткізілмеген екендігі анықталды.

Ауылдық округ әкімінің тұрғындарды қабылдау кестесі бекітілмеген.

Алатау батыр ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің Істер номенклатурасы арналмаған.

Ұсыныс: ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» *(арыз-шағымдар)* мен ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы», ҚР «Еңбек кодексі» талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу.

16. Қызылқұм ауылдық округ әкімі аппаратының қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Қызылқұм ауылдық округі әкімімен 26.03.2026 жылғы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы С.Кадировке «Демалыстың бөлігін беру туралы» №1-7 өкімінің негіздемесі өтініш журналға тіркелмеген.

Арыз–шағымдар мен жеке қабылдаулар бойынша:

ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексінің 90-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізуге міндетті.

Алайда, ауыл әкімі 2026 жылы мүлдем жеке қабылдау өткізбегендігі анықталды.

Ауылдық округ әкімінің тұрғындарды қабылдау кестесі бекітілмеген.

Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің Істер номенклатурасы арналмаған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы:

Ішкі бақылау барысында мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қойылатын талаптардың сақталмауы анықталды, атап айтқанда:

Мемлекеттік қызмет алушыларға арналған өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы талапқа сәйкес жабдықталмаған (қажетті техникалық құралдармен және ақпараттық материалдармен толық қамтамасыз етілмеген).

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ақпараттық стендтің мазмұны толық емес және өзекті ақпаратпен қамтамасыз етілмеген, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпараттар толық орналастырылмаған.

Ұсыныс: ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» *(арыз-шағымдар)* мен ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы», ҚР «Еңбек кодексі» және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы талаптарды қатаң сақтауды ұйымдастыру және құқықтық оқу өткізу.

17. Сүткент ауылдық округ әкімі аппаратының қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Ауылдық округі әкімімен 01.04.2026 жылғы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Н.Исаевқа «Материалдық көмек көрсету туралы» № 01-15 өкімінің сілтемесі дұрыс көрсетілмеген. Алайда, өкімге негіздеме болған Н.Исаевтың жеке өтініші кіріске алынып, тіркелмей Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Заңының талабы бұзылған.

Осы мағыналас заң бұзушылықтар ауылдық округ әкімінің 06.02.2026 жылғы № 03-02 өкімімен ауылдық округі әкімі аппаратының техникалық қызметкері еден жуушы Т.Рахматпуриді «Жұмысқа қабылдау туралы» өкімінде

орын алған. Жұмысқа қабылдау туралы өкім заң талаптарына сәйкес шығарылмаған, еңбек шарты түзілмеген.

Сүткент ауылдық округі әкімі аппаратының іс-номенклатурасына сәйкес, жеке құрам, негізгі құрам, өтініштерді тіркеу туралы журналдары іс-номенклатурасына сәйкес арналмаған және парақ сандары саналып, ауыл әкімімен қол қойылып, мөрленбеген.

Арыз–шағымдар мен жеке қабылдаулар бойынша:

ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексінің 90-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізуге міндетті.

Алайда, ауыл әкімі 2026 жылы мүлдем жеке қабылдау өткізбегендігі анықталды.

Ауылдық округ әкімінің тұрғындарды қабылдау кестесі бекітілмеген.

Сүткент ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің Істер номенклатурасы арналмаған.

Ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратының кіреберісінде жеке тұлғалар және заңды тұлғалардың өкілдеріне арналған өтінішін тастайтын жәшік орнатылмаған.

Ұсыныс: ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» *(арыз-шағымдар)* мен ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы», ҚР «Еңбек кодексі» талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу.

18. Ақшеңгелді ауылдық округ әкімі аппаратының қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Ақшеңгелді ауылдық округі әкімімен 03.04.2026 жылғы №1-6ө өкімімен ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-заңгері О.Алмабековке «Материалдық көмек көрсету туралы» өкім заң талаптарына сәйкес шығарылмаған. Ауыл әкімінің 16.02.2026 ж. бас маман – іс басқарушы О.Сулейменовке «Демалыс беру туралы» №1-02ө өкімінің негіздемесі өтініш журналға тіркелмеген.

Арыз–шағымдар мен жеке қабылдаулар бойынша:

ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексінің 90-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізуге міндетті. Ауылдық округ әкімінің ауыл тұрғындарын жеке қабылдау барысында берілген тапсырмалардың орындалуы жөнінде хаттамалық тапсырмалар түзілмеген.

Ауылдық округ әкімінің тұрғындарды қабылдау кестесі бекітілмеген.

Ақшеңгелді ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің Істер номенклатурасы арналмаған.

Ұсыныс: ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» *(арыз-шағымдар)* мен ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы», ҚР «Еңбек кодексі» және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы талаптарды қатаң сақтауды ұйымдастыру және құқықтық оқу өткізу.

19. Достық ауылдық округ әкімі аппаратының қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Достық ауылдық округі әкімімен 20.01.2026 жылғы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-есепшісі Б.Тойтановқа «Демалыс беру туралы» №1-02ө өкімінің негіздемесі өтініш «Е-қызмет» ақпараттық жүйесіне дұрыс енгізілмеген.

Ауылдық округі әкімімен 27.02.2026 жылы бас маман – заңгері Б.Орынбасаровты «Іссапарға жіберу туралы» № 1-06ө өкімі жүйеге кешіктіріліп енгізілген. Сонымен қоса, ауылдық округі әкімімен 04.05.2026 жылы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Е.Халбековты «Демалыстан шақыртып алу туралы» №1-14ө өкімнің негіздемесі қызметтік хат жүйеде рәсімделмеген.

Арыз–шағымдар мен жеке қабылдаулар бойынша:

ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексінің 90-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізуге міндетті. Ауылдық округ әкімінің ауыл тұрғындарын жеке қабылдау барысында берілген тапсырмалардың орындалуы жөнінде хаттамалық тапсырмалар түзілмеген.

Ауылдық округ әкімінің тұрғындарды қабылдау кестесі бекітілмеген.

Достық ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің Істер номенклатурасы арналмаған.

Ұсыныс: ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» *(арыз-шағымдар)* мен ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы», ҚР «Еңбек кодексі» талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу.

20. Жаушықұм ауылдық округ әкімі аппаратының қызметін қозғайтын құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Ауылдық округі әкімімен 18.02.2026 жылы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы О.Ермекбаевты «Іссапарға жіберу туралы» №7 өкімнің негіздемесі қызметтік хат жүйеде рәсімделмеген.

Арыз–шағымдар мен жеке қабылдаулар бойынша:

Ауылдық округ әкімінің тұрғындарды қабылдау кестесі бекітілмеген.

Жаушықұм ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің Істер номенклатурасы арналмаған.

Ауылдық округі әкімі аппаратының жұмыс жоспары бекітілмеген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы:

«Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығының "Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу" мемлекеттік қызметін көрсету талаптарына сәйкес, Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі Порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) делінген.

Алайда, жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның жауапты орындаушысы қызметті алушы ұсынған құжаттарды «Е-Лицензия» ақпараттық жүйесінде келіп түскен және тіркелген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде тексеруге және тиісті шешім қабылдауға міндетті.

Жүргізілген ішкі бақылау нәтижесінде қызмет көрсетуші маман тарапынан өтініштерді тіркеу мерзімдерін негізсіз кешіктірудің 3 дерегі *(2025ж. – мемлекеттік қызмет көрсетілмеген, 2026ж. – 3)* анықталды.

Ұсыныс: ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» және ҚР «Еңбек кодексі» талаптарын түсіндіру бойынша құқықтық оқу өткізу.

Аудан әкімі аппаратының басшысы **С.Ильясов**

Мемлекеттік-құқықтық және терроризмге қарсы іс-қимыл бөлімінің басшысы **Н.Ахментаев**

Өтініштердің қаралуын бақылау және құжаттандыруды қамтамасыз ету бөлімінің бас инспекторы **Б.Жұмахан**

Персоналды басқару (кадр қызметі) бөлімінің бас инспекторы **Ш.Жаукимова**

Мемлекеттік-құқықтық және терроризмге қарсы іс-қимыл бөлімінің бас инспекторы **Б.Туртаев**

Өтініштердің қаралуын бақылау және құжаттандыруды қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы **Ш.Ульяхунов**